

Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберінде Қазақстан Республикасының екінші кезеңдік ұлттық баяндамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 1038 қаулысы

Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі Кеңесінің 5/1 қарарына қосымшаның 15 а) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберінде Қазақстан Республикасының екінші кезеңдік ұлттық баяндамасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберінде Қазақстан Республикасының екінші кезеңдік ұлттық баяндамасын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына **ж і б е р с і н .**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>К.Мәсімов</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	
	Қазақстан Республикасы
	Үкіметінің
	2014 жылғы 29 қыркүйектегі
	№ 1038 қаулысымен
	бекітілген

Адам құқықтары бойынша Әмбебап кезеңдік шолу шеңберінде Қазақстан Республикасының екінші кезеңдік Ұлттық баяндамасы

1 . Ә д і с н а м а

1. Осы Адам құқықтары бойынша әмбебап кезеңдік шолу (бұдан әрі - шолу) 2010 жылдан 2013 жылға дейінгі кезеңді қамтиды.

2. Шолуда Адам құқықтары бойынша 2010 жылға арналған Әмбебап кезеңдік шолу шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық баяндамасының қорытындысы бойынша көрсетілген ұсынымдарының іске асырылу нәтижелері баяндалған.

3. Талдау барысында мемлекеттік органдар қабылдаған ресми құжаттар, ресми көздерден, соның ішінде мемлекеттік органдардың және үкіметтік емес ұйымдардың (бұдан әрі - ҮЕҰ) сайттарынан алынған статистикалық мәліметтер, мақалалар, баяндамалар және өзге де материалдар пайдаланылды.

4. Шолуды дайындау процесінде мемлекеттік органдардың және Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі - БҰҰ) Даму бағдарламасының, ҮЕҰ лауазымды адамдарының, шетелдік сарапшылардың қатысумен тренинг, консультациялық семинарлар сериясы ө т к і з і л д і .

5. Осы баяндама Қазақстан Республикасының мынадай: 97.1., 97.2., 97.3., 97.4., 97.10. 97.12-ұсынымдарын іске асырудан қалыс қалуын есепке ала отырып дайындалғанын ескеру қажет.

2. Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына институционалдық тетіктердің жалпы шолуы, Париж қағидаттарын имплементациялау 95.5, 95.6, 95.15 - 95.20, 95.23 - 95.25, 95.33-ұсынымдар

6. 2012 жылы Ұлттық құқық қорғау мекемелерінің халықаралық үйлестіру комитетінде Адам құқықтары жөніндегі уәкіл «В» (толық емес сәйкестік) мәртебесін алды. Тұтастай алғанда, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Париж қағидаттарының бірқатарына толықтай сәйкес келеді. Атап айтқанда:

1) Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Парламент палаталарымен келісу бойынша Президент бекітеді. Басшылыққа алатын құжатта Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қызметінен босату негіздерінің толық тізбесі тізбеленіп көрсетілген;

2) оған лауазымды адамдардан адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты кез келген ақпаратты сұрату, мониторинг жүргізу мақсатында мекемелерге, оның ішінде жабық мекемелерге бару, қоғамдық зор мәні бар жағдайларда Президентке, Парламентке және Үкіметке өтініш жасау құзыреті берілген;

3) ол барлық аумақтық бірліктерден өтініштерді алады, оның ішінде өзінің интернет-ресурсы арқылы да алады және оларды қарайды. Қазіргі уақытта Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өңірлік өкілдіктерін құру мәселесі пысықталып ө з і р л е н у д е ;

4) мемлекеттік органдарға ұсынымдар жібереді. Бұдан басқа Президентке жолданатын оның қызметі жөніндегі жыл сайынғы есепте Адам құқықтары жөніндегі уәкілге жіберілген барлық өтініштер және ұсынымдар өз көрінісін табады, мұның өзі бұларды іске асыруды бақылауға кепілдік береді;

5) ең көп ауқымды мәселелер бойынша азаматтық қоғамның институттарымен де, халықаралық ұйымдармен де белсенді түрде ынтымақтастық жасайды;

6) оның қызметі көпшілікке жариялы және бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі - БАҚ) және ресми сайтта (www.ombudsman.kz) кеңінен жазылып көрсетіледі;

7) адам құқықтары саласындағы нормативтік құқықтық актілер жобаларының әзірлену және Парламенттің қабылдауы деңгейінде оларды дайындауға және т а л қ ы л а у ғ а қ а т ы с а д ы ;

8) адам құқықтарының бұзылуы жөніндегі жеке шағымдарды қарайды;

9) адам құқықтарының бұзылу жағдайларын қарауға бастамашылық жасайды;

10) өз қызметінде тәуелсіз және заң шығару, сот және атқарушы биліктің

ешқайсысының бағынысында болмайды, олардың құрамына кірмейді және олардың құрылымына жатпайды;

11) оның жыл сайынғы есебі баспа жүзінде жарияланады және еркін қолжетімді саятқа енгізіледі.

7. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ҮЕҰ өзара іс-қимылға зор көңіл бөледі. Қазақстан халықаралық адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі бюросы, Азаптауларға қарсы Қазақстан ҮЕҰ коалициясы, Қоғамдық бақылау комиссиялар үйлестіру кеңесі сияқты ұйымдармен тұрақты ынтымақтастық жолға қойылған.

8. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Сыртқы істер және Әділет министрліктерімен, Бас прокуратурамен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 1165 қаулысымен бекітілген 2011 - 2014 жылдарға арналған Адам құқықтары жөніндегі әмбебап мерзімдік шолуының шеңберінде БҰҰ мүше мемлекеттерінің ұсынымдарын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-шаралар жоспарының 11-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне Қазақстан омбудсменінің мәртебесін Париж қағидаттарына сәйкестікке келтіру туралы БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің ұсынымдарын іске асыру бойынша ұсыныстар дайындады.

9. 2013 жылы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілеттігін кеңейту үрдісі байқалды. Айталық, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінде және өзге де заңнамалық актілерде ұлттық алдын алу тетігінің жүйесінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілге пенитенциарлық және өзге де қатаң тәртіпте ұстау мекемелеріндегі адамдардың құқықтарын қорғауды және азаптаулардың алдын алуды қамтамасыз етуге бағытталған үйлестірушінің өкілеттігі бекітілді.

10. 2014 жылғы 12 мамырдағы жай-күй бойынша Адам құқықтары жөніндегі ұлттық жоспардың ұсынымдары іс жүзінде 80 пайызға іске асырылды. Қалған ұсынымдар орындалу үстінде.

11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан ҮЕҰ-мен өзара ынтымақтастық жөніндегі үйлестіру кеңесі құрылды. ҮЕҰ-мен ынтымақтастық жөніндегі кеңестер әлеуметтік мәселелер саласындағы министрліктердің, барлық деңгейдегі әкімдердің жанында жұмыс істейді. Консультациялық-кеңесші органдардың жалпы саны 300-дей.

3. Халықаралық ынтымақтастық
95.97, 95.98, 95.99, 97.6-ұсынымдар

12. Қазақстан Республикасы тұрақты негізде Словенияның, Норвегияның, Украинаның, Қатардың, Финляндияның, Швейцарияның, Германияның, Қырғызстанның, Ресейдің, Тәжікстанның, Америка Құрама Штаттарының Ұлттық құқық қорғау қоғамдастықтарымен және ұйымдарымен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

13. Бұдан басқа, БҰҰ-ның адам құқықтары саласындағы мемекелерімен және өзге де халықаралық ұйымдармен, атап айтқанда, БҰҰ Жоғарғы Комиссары Басқармасымен

және оның Орталық Азиядағы өңірлік өкілдігімен, БҰҰ-ның Астанадағы Кеңесімен, ЮНИСЕФ-тің және БҰҰ-ның өзге де мекемелерімен, ЕҚЫҰ-ның Астанадағы Орталығымен, Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюромен және ЕҚЫҰ-ның өзге құрылымдық бөлімшелерімен, ұлттық құқық қорғау мекемелерінің Азия-Тынық мұхит форумымен, Ислам ынтымақтастық ұйымымен, Human Rights Watch, Amnesty International, Freedom House, Норвегиялық Хельсинки комитетімен, Осло бейбітшілік және адам құқықтары орталығымен, Словения, Норвегия, Украина, Қатар, Финляндия, Швейцария, Германия, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Америка Құрама Штаттары құқық қорғау мекемелерімен және көптеген басқалармен белсенді түрде ынтымақтастық жасауда.

14. Бүгінгі таңда Қазақстанға БҰҰ-ның 8 арнайы баяндамашысы келіп кетті, олар мыналар: судьялар және адвокаттардың тәуелсіздігі мәселесі бойынша Л. Деспуй (2004 ж.), адам құқықтары және терроризм мәселесі бойынша М. Шеинин (2006 ж.), азаптау жөніндегі мәселелер бойынша М. Новак (2009 ж.), аз халықтар мәселелері бойынша Г. МакДугалл (2009 ж.), жеткілікті баспана жөніндегі мәселелер бойынша Р. Рольник (2010 ж.), білім алу құқығы мәселелері бойынша К. Сингх (2011 ж.), себебі мен зардаптарын қоса алғанда құлдықтың қазіргі заманғы түрлері туралы мәселелер бойынша Г. Шахинян (екі рет 2012 және 2014 жж.), дін немесе наным-сенімдер бостандығы бойынша Х. Билефельдт (2014 ж.).

15. 2014 жылы 2 мандат иеленушінің сапары жоспарланып отыр: бейбіт жиналыстар және қауымдастықтар бостандығына құқық жөніндегі мәселелер бойынша М. Киай, зиянды заттар мен қалдықтарды экологиялық дәйекті реттеу мен жоюдың адам құқықтары үшін нәтижелері жөніндегі мәселелер бойынша М. Пальмаэртса.

4. Адам құқықтарын қорғаудың және көтермелеудің нормативтік және институционалдық аспектілері

Ө м і р с ү р у г е к ұ қ қ
95.41, 97.15, 97.16, 97.17, 97.18-ұсынымдар

16. Қазақстанда қазіргі күнге дейін өлім жазасына мораторий қолданылуда.

17. Қазақстан Республикасы өлім жазасын жоятын Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің Екінші Факультативтік Хаттамасына әзірше қосылған жоқ. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында өлім жазасын қолдану аясын бірте-бірте тарылту бағытын жалғастыру белгіленген.

А з а п т а у л а р д а н қ о р ғ а у

95.42 - 95.45, 95.48, 95.64, 95.66, 95.67, 95.68, 95.102-ұсынымдар

18. Азаптаумен байланысты қылмыстардың жолын кесу бойынша тұрақты түрде жұмыс жүргізілуде. 2010-2013 жылдары соттарда 67 тұлғаға қатысты азаптау туралы 38 қ ы л м ы с т ы қ і с қ а р а л д ы .

19. Қылмыстық-құқықтық салада азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзуға

қарсы әрекеттердің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Бас прокуратура «Полициядағы кезекші прокурор - азаматтар құқықтарының кепілгері» жобасын іске асыруда.

20. Прокуратура органдарында арнайы прокурорлар бар екенін де атап өту қажет. Арнайы прокурорлардың өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Бас прокурорының әртүрлі бұйрықтарымен регламенттеледі (Азаптау және басқа да заңсыз әдістер қолданумен байланысты қылмыстық іс жүргізуге тартылған және арнайы мекемелерде ұсталатын адамдарға қатысты аса қатыгездік жасалғандығы жөніндегі арыз-шағымдарды тексеру және олардың алдын алу туралы) нұсқауды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2010 жылғы 1 ақпанындағы № 7 бұйрығы). Бас прокурордың 2013 жылғы 8 ақпандағы нұсқауына сәйкес азаптау фактілері бойынша қылмыстық істерді тек арнайы прокурорлар тергейді.

21. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 сәуірдегі № 430 қаулысына сәйкес ҚАЖ мекемелерінің қызметкерлері дене жарақаттарын анықтағанда, сондай-ақ сотталған және тергеуде қамауға алынғандардың өтініші бойынша сот-медициналық сараптама орталығының аумақтық мамандары тәуелсіз медициналық куәландырудың жүргізілуін ұйымдастырады.

22. 2010-2012 жылдар аралығында облыстық прокуратуралар ҮЕҰ- мен бірлесе отырып, қамауға алынған немесе сотталған азаматтар ұсталатын мемлекеттік органдар мен мекемелер қызметкерлерінің азаптауды қолданумен байланысты қылмыстардың профилактикасы бойынша іс-шаралар жүргізді. Осы іс-шаралар шеңберінде ҮЕҰ-мен бірлесе отырып, адам құқықтарын қорғау саласында халықаралық шарттарды зерделеу үшін құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасында жалпыға міндетті оқу, сондай-ақ аталған тақырып бойынша тренингтер, семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізілді.

23. 2011 жылы ішкі істер органдарының қызметкерлері «Адам құқықтары хартиясы» қоғамдық қорының өкілдерімен бірлесіп, азаптауды қолданумен байланысты қылмыстардың профилактикасы мақсатында ішкі істер органдарының бөлімшелеріне 280 тексеріс, соның ішінде арнайы мекемелерге 134 тексеріс өткізді.

24. 2010 жылдан бастап 2012 жыл аралығында адам құқықтарын қорғау тақырыбында Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Академиясында (Қостанай қаласы) қылмыстық-атқару жүйесі органдарының 1580-нен астам қызметкері біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

25. Қазақстан Республикасы адам құқықтары жөніндегі уәкілі өз мемлекетінде ұлттық алдын алу тетігінің үйлестірушісі де болып табылатын Словения омбудсменімен тәжірибе алмасуды жүзеге асырды.

26. 2011 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне азаптауды сот төрелігіне қарсы қылмыстар санатынан алып тастап, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар санатына жатқызған, қылмыстың

объективтік жағы мен субъектілер шеңберін кеңейткен өзгерістер енгізілген еді. Одан басқа, азаптаудың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған кейбір елеулі жаңалықтар қабылданды. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 192-бабына баламалы тергеу тәртібін көздейтін өзгерістер енгізілді, яғни ішкі істер органдарының қызметкерлері азаптауды жасаған жағдайда істі қаржы полициясы қарайды және керісінше. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 532-бабының бірінші бөлігіне, егер сұрау салушы мемлекетте адамды азаптауды қолдану қаупіне ұшырауы мүмкін деп пайымдауға негіз болса, шет мемлекетке ұстап беруге жол берілмейтін толықтыру е н г і з і л д і .

27. 2013 жылы Қазақстан Республикасында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағыттылған ұлттық алдын алу тетігін жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Осы Заңмен алдын алу тетігі: 1) қылмыстық іс жүргізуге; 2) қылмыстық-атқару жүйесіне; 3) денсаулық сақтау жүйесіне ; 4) кәмелетке толмағандарды бейімдеу және білім беру жүйесіне; 5) адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулау жүйесіне енгізілді.

28. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне алдын алу тетігіне қатысушылардың заңды қызметіне кедергі келтіргені үшін жауапкершілікті көздейтін түзетулер енгізілді.

29. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жана редакциясы шеңберінде жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге немесе абайсызда оның өліміне әкеп соғатын азаптау жасағаны үшін жазаны 12 жылға бас бостандығынан айыруға дейін ұлғайта отырып, қылмыстық жауапкершілікті күшейту көзделген.

30. Осы жобамен аталған қылмыс мерзімнің өтуі қолданылмайтын қылмыстар санатына жатқызылды, сондай-ақ рақымшылық туралы актінің қолданылу мүмкіндігі а л ы п т а с т а л д ы .

Зорлық-зомбылықтан, басқа да қатігездіктен немесе адамның қадір- қасиетін қ о р л а у д а н қ о р ғ а у

95.10, 95.14, 95.37, 95.46, 95.63-ұсынымдар

31. Қазақстан Республикасында жекелеген топтарды зорлық- зомбылықтан қорғау мақсатында профилактикалық және жолын кесу сипатындағы бірқатар шаралар т ұ р а қ т ы н е г і з д е қ о л д а н ы л а д ы .

32. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі ішкі істер органдарының бөлімшелері тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасындағы және оның жолын кесудегі және гендерлік саясатты іске асырудағы практикалық шаралардың бірі болып табылады. Бүгінгі күні оларда 133 полиция қызметкері жұмыс істейді.

33. 2012-2013 жылдары тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның құқықтық санасына және мінез-құлқына мақсатты ықпал ету үшін 93 мың қорғау ұйғарымы

шығарылды. 2137-ден астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

34. «Балалар мен жастарға арналған «150» ұлттық сенім телефон желісі жобасы белсенді түрде іске асырылуда. 2009 - 2013 жылдары 6000 мыңнан астам, оның ішінде олардың құқықтарының бұзылуы жөнінде 18 мың қоңырау келіп түсті.

35. 2010 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде кәмелетке толмағандарға қарсы күш қолдану қылмыстарын жасаған педагогке не оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген өзге де адамдарға қатысты белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріне қосымша жаза институты енгізілген болатын.

36. 2011 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне көрінеу кәмелетке толмаған балаға қатысты денсаулыққа зиян келтіргені үшін жазаны қатаңдататын өзгерістер енгізілді.

37. 2012 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне кәмелетке толмағандар қатысатын білім беру, тәрбиелеу, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене тәрбиесі және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы ұйымдар мен мекемелерге кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстары (адам өлтіргені, денсаулығына қасақана зиян келтіргені, жыныстық тиіспеушілігіне қарсы) үшін соттылығы бар немесе соттылығы болған адамдармен еңбек шартын жасасуға тыйым салатын түзетулер е н г і з і л д і .

38. 2014 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған болатын, ол тұрмыстық зорлық- зомбылыққа қарсы іс-қимыл фактілері және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары болып табылатын адамдарға жәрдем көрсету бойынша қосымша құқықтық шаралар кешенін көздейді. Атап айтқанда, қорғау ұйғарымының мерзімі 10 тәуліктен 30 тәулікке дейін ұлғайтылды, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға оның өзін тұрғын жаймен қамтамасыз ету мүмкіндігінің бары белгілі болған жағдайда, жәбірленушімен бірге жеке тұрғын үйде тұруға тыйым салатын норма қабылданды.

Бостандыққа және жеке басқа қол сұғылмаушылық құқығы, пенитенциарлық м е к е м е л е р д е г і ж а ғ д а й

95.32, 95.43, 95.47, 95.48, 95.59, 95.60, 95.64 - 95.66, 95.68-ұсынымдар

39. 20 жыл ішінде Қазақстандағы қамалған адамдардың саны 2,5 есеге азайды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына байланысты рақымшылық жасау актісі негізінде 2011 жылы бас бостандығынан айыру орындарынан 2628 адам босатылды, іс жүзінде 859 сотталған адамға жаза мерзімі қысқартылды.

40. Жыл сайын қадағалау органы қылмыстық қудалау органдарының қызметтік үй-жайларында заңсыз ұсталған жүздеген адамды босатады. Мәселен, 2010 жылы 1043

адам, 2011 жылы - 1063, 2012 жылы - 857, 2013 жылы - 803 адам босатылды.

41. 2013 жылы Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Кепіл түріндегі жолын кесу шарасын барынша кең қолдану туралы нормативтік сипаттағы нұсқау берді. Мәселен, егер 2012 жылы кепіл 20 адамға қатысты қолданылған болса, 2013 жылдың қорытындылары бойынша осы көрсеткіш 333 адамды құрады, яғни 1565 %-ға өсті.

42. Медициналық бөлімдер мен мекемелердің материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында 2011 жылдан бастап «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде жаңа медициналық жабдық пен медициналық мақсаттағы бұйымдар сатып а л ы н д ы .

43. 2012 жылдың ішінде «Адам құқықтары саласындағы халықаралық-құқықтық стандарттар», «Бас бостандығынан айыру орындарында адамның қадір-қасиетін сақтау», «БҰҰ-ның Азаптауларға қарсы, ұлттық алдын алу тетіктері конвенциясына факультативтік хаттама» және «Атқару мекемелерінің қызметінде заңдылықты сақтау» тақырыптарына арналған қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөнінде шаралар өткізілді.

44. 2012 жылы «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына қол қойылды. Жалпы алғанда аттестаттаудан 110 мыңнан астам адам өтті, олардың 70 мыңнан астамы полиция қызметкерлері. Қоғам мен бизнестің үміттеріне сай келетін заманауи құқық қорғау жүйесін құру үшін кадрлық әлеует қалыптастыру аттестаттаудың мақсаты болды.

45. 2013 жылы атқару мекемелерін күрделі жөндеуге және реконструкциясын жүргізуге 2,7 млрд. астам теңге (2012 ж. - 213 млн. теңге) бөлінген болатын.

46. 2014 жылы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасында «түрмеде отырғандарды азайту жөніндегі 10 шара» атты жобаның тұжырымдамасы т а н ы с т ы р ы л д ы .

47. Жыл сайын Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің коммуналдық-тұрмыстық жабдықтарын сатып алуға қаржыландыру - 2013 жылы - 446,6 млн. теңгеге, 2012 жылы - 246,7 млн. теңгеге, 2014 жылы - 515 млн. теңгеге ұлғайтылып отыр.

48. Туберкулезге қарсы күрес жөніндегі іс-шараларға бағалау жүргізу мақсатында және ұйымдық-әдістемелік көмек көрсету үшін жыл сайын қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде туберкулезге қарсы іс-шаралар мониторингі өткізіледі.

49. Бүгінгі таңда республиканың барлық өңірлерінде 15 қоғамдық бақылау комиссиялары жұмыс істейді, оның құрамына қоғамдық және үкіметтік емес бірлестіктердің, құқық қорғау ұйымдарының 101 өкілі кіреді.

50. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және оң тәжірибе беру бөлігінде Ресей Федерациясы Жазаны орындау федералды қызметінің жоғары оқу орындарымен ынтымақтасады.

51. 2011 жылы күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталған адамдарды тамақтандырудың және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етудің заттай нормалары, сондай-ақ Жазасын өтеуден босатылған сотталған адамдарға көмек көрсету қағидалары қайта қаралды және жақсартылды.

52. 2013 жылғы шілде айында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігін жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы Заңға сәйкес қоғамдық қадағалау комиссияларымен бірге бас бостандығынан айырылған адамдарды қамауда ұстау орындарына азаматтардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, заңгерлер, әлеуметтік қызметшілер, дәрігерлер де бара алады.

53. Пенитенциарлық жүйені одан әрі ізгілендіруді көздейтін жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі қабылданды. Басты жағымды нәтиже ретіндегі Кодекстің жаңа редакциясының қабылдануы сотталған адамдардың жеке басының, олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалу деңгейін елеулі түрде арттыру арқылы қылмыстық жазаларды орындау жүйесін жетілдіру болып табылады.

54. Жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі сотталған адамдардың қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің немесе жазаны орындайтын органның әкімшілігіне, жазаны орындайтын басқару мекемелері мен органдарының жоғары тұрған органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, өзге де мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ заңнамаға сәйкес адамның құқықтары мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ауызша және жазбаша ұсыныстармен, арыздармен және шағымдармен жүгіну құқығын көздейді.

55. Бұдан басқа, сотталған адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білікті заң көмегін алуға құқығы болады.

56. Сондай-ақ жаңа Қылмыстық-атқару кодексінде ведомстволық, прокурорлық және қоғамдық бақылау арқылы сотталған адамдардың құқықтарын қорғау тетігін көзделеді.

57. Жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі қабылданды. Жаңа кодекс тергеу судьясын енгізуді көздейді, ол бірқатар процестік және тергеу әрекеттерін, оның ішінде күзетпен және үй қамауында ұстау, кәмелетке толмаған адамды арнайы мекемеге орналастыру және басқалары түріндегі жолын кесу шараларын санкциялау мәселелерін шешетін болады.

Сөз бостандығы, пікір білдіру

95.13, 95.30, 95.75, 95.77, 97.6, 97.11 - 97.13, 97.20 - 97.26-ұсынымдар

58. Ағымдағы жылғы 1 сәуірдегі жай-күй бойынша Қазақстан Республикасында жұмыс істеп жатқан 2202 БАҚ тіркелген. Жалпы құрылымдағы басым көпшілігін - 87

%-ын баспа БАҚ, 10 %-ын электрондық БАҚ, 3 %-ын ақпараттық агенттіктер құрайды.

59. Олардың ішінде баспа БАҚ: 27 % - мемлекеттік, 73 % - мемлекеттік емес; электрондық БАҚ: 6 % - мемлекеттік, 94 % - мемлекеттік емес. Мемлекеттік органдар мемлекеттік органдардың қарауында жатқан ақпаратқа қолжетімділігі құқығын және ақпараттың белсенді түрде жариялануына ықпал етуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолданады.

60. БАҚ бостандығы мәселелеріндегі стратегиялық бағыттардың бірі Интернетті дамыту болып табылады.

61. «Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 14 қарашадағы Жарлығы Интернет желісіне қолжетімділігі бар азаматтардың үлесін 36,6 %-ға дейін ұлғайтуды көздейді.

62. Ақпаратты Интернет желісі арқылы таратудың ұдайы өсу үрдісі бар. Осы кезде «kz» аймағында жыл сайынғы 20 - 25 % өсіммен 70000 домендік атау тіркелген.

63. Ауылдық байланысты дамыту жөніндегі жұмыс ұйымдастырылды, 450 МГц ауқымында СБМА технологиясы бойынша сымсыз қол жетімділік жүйелері салынып жатыр.

64. CDMA радиоға қол жетімділік жүйелерін дамыту жоспарларында 2009 жылы 59 %-дан бастап 2015 жылы 100 %-ға дейін желінің таралу ауданын ұлғайту көзделген.

65. 2011 жылдың басында ұлттық цифрлық спутниктік желіні ұшыру жүзеге асырылды.

66. Қазақстан Республикасы сот органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі енгізілді, оның арқасында әрбір адам барлық сатылардағы сот актілеріне қолжетімділік ала алады.

67. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 1165 қаулысымен бекітілген осы ұсынымдарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 32-тармағына сәйкес жала үшін қылмыстық жауапкершілікті азаматтық тұрғыға ауыстыру туралы мәселені заң шығару қызметі жөніндегі Ведомствоаралық комиссия мүшелері қарауға тиіс. Осыған байланысты, түпкілікті шешімді дәл осы комиссия шығаратын болады.

68. Сонымен бірге азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғауға арналған конституциялық құқығы бола тұра, қазіргі заманғы кезеңде жала жапқаны, азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін диффамациялағаны және қорлағаны үшін қылмыстық қудалауды толық жою туралы мәселе қаралмайды, өйткені Қылмыстық кодекстің негізгі міндеттерінің бірі адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

69. Қазақстан Республикасы демократиялық мемлекет ретінде өз аумағының шегінде тұратын және юрисдикциясындағы барлық адамдарды құрметтеуге және олардың пікір білдіру бостандығына құқықтарын қамтамасыз етуге міндеттенді.

Алайда, мемлекеттің бұл құқықтарды шектеу жөнінде қолданатын шаралары басқа адамдардың құқықтары мен беделін құрметтеу, мемлекет қауіпсіздігін қорғау, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығын немесе имандылығын сақтау қажет екенін атап көрсету қажет. Аталған шара Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 19-бабына толығымен сай келеді.

70. «Ұлттық қауіпсіздік туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін интернет-ресурстарды бұғаттау жөніндегі диффамациялық шара қажетті болып табылады. Мәселен, 2012 жылғы қаңтарда «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзету қабылданды, онда Қазақстан Республикасының Конституциясын және осы Заңның нормаларын бұзатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін таратуға сот тәртібімен тыйым салынады, ал интернет-ресурстар болып табылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары үшін көрсетілген интернет-ресурстарға Қазақстан Республикасы аумағында қол жеткізуді тоқтата тұру айқындалады.

71. 2011 жылы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне заңды тұлғалардың моральдық залал өтемін өндіріп алуын алып тастаған норма енгізілді. Бұл, БАҚ үшін, ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау туралы қуыным бойынша енді заңды тұлғалар моральдық залалды өтеуге үміттен алмайтынын білдіреді.

72. 2012 жылы «Телерадио хабарларын тарату туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Оның негізгі қағидаттары заңдармен тыйым салынбаған кез келген тәсілдермен ақпаратты еркін алуға және таратуға құқықтарды конституциялық қамтамасыз ету, телерадио хабарларын тарату қызметін көрсетуді пайдалану кезінде сөз бен шығармашылық бостандығын қамтамасыз ету, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

73. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында 2011 жылғы қаңтардан бастап Қазақстанда әкімшілік преюдиция институты енгізілді.

74. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 129-бабына да (Жала) өзгерістер енгізілді, оған сәйкес БАҚ арқылы жала жапқаны үшін алты айға дейінгі мерзімге қамаққа алу түріндегі жаза алып тасталды. Сонымен қатар, қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасы бойынша, жала жабу жәбірленушінің өтініші бойынша қаралатын жеке айыптау істері санатына жатқызылғанын атап көрсеткен жөн, оның өзі тиісті дәлелдемелерді ұсынады.

Көшіп-қонушылардың, босқындардың, оралмандардың еркін жүріп тұру, болатын және тұратын орнын таңдау құқығы, құқықтары

95.7, 95.34, 95.92, 97.7-ұсынымдар

75. 2012 жылы Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберінде көші-қон саясаты жөніндегі Консультациялық комитет құру шешілді. Комитеттің негізгі міндеттері Кеден одағына және Біртұтас экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің өкілдерімен консультация жүргізу және Тараптардың азаматтарын жұмысқа орналастыру бөлігінде бірегейлендірілген құқықтық режим жасау мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу, бірыңғай көші-қон саясатын жүзеге асыру үшін шарттық-құқықтық базаны қалыптастыру болып табылады.

76. Шетелдік жұмыс күшін тартуға квота шеңберінде 2012 жылы 2792 жұмыс беруші 22 мың шетелдік бірлік жұмыс күшін тартты, бұл жалдамалы жұмыскерлердің 5,4 % - ы (1389 мың).

77. Келген оралмандар саны 2010 жылы – 10232 отбасы немесе 36754 адам, 2011 жылы - 14803 отбасы немесе 47112 адам, 2012 жылы - 15109 отбасы немесе 39401 адам, 2013 жылы - 33952 адам немесе 15338 отбасы болды.

78. Оралмандар үшін бір жолғы жәрдемақының орташа мөлшері 2010 жылы әрбір адамға 187,7 мың теңгені құрады. 2011 жылы жәрдемақы мөлшері 211,9 мың теңгеге дейін, 2012 жылы - 221,7 мың теңгеге, 2013 – 237,2 мың теңгеге дейін көтерілді.

79. Барлық оралмандардың медициналық қызмет көрсетуге, білімге және әлеуметтік қамсыздандыруға қолжетімділігі қамтамасыз етілді. Олар нысаналы топтардың біріне жатқызылды, оларға қатысты жұмыспен қамту шаралары қолданылды. Еңбекке қабілетті жастағы оралмандардың 66 %-ы өндірістің әртүрлі салаларында, әрбір төртіншісі ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған.

80. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі босқындардың, азаматтығы жоқ адамдардың құқықтарын қорғау, аралас көші-қон мәселелерінде БҰҰ-ның Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссарының осы мәселелерде елеулі техникалық және сарапшылық қолдау көрсеткен белсенді әріптесі болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның «Оралмандардың, босқындардың және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасындағы құқықтарының жағдайы туралы» арнайы есебінің шығарылуы ынтымақтастық жетістіктерінің бірі болып табылады. Осы есеп босқындарды қорғауды одан әрі жақсарту, азаматтығы жоқтықты азайту және болдырмау үшін кеңейтілген ұсынымдар береді.

81. 2011 жылы «Халықтың көші-қоны туралы» жаңа Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бұл Заң көшіп-қонушыларды тіркеудің жаңа қағидаларын қабылдауға септігін тигізді. Жаңа қағидалары визаның отбасын қайта біріктіру сияқты түрі енгізілді.

82. Бұл виза отбасын қайта біріктіру мақсатында Қазақстан Республикасына жіберілген шетелдіктерге 1 жылға дейінгі қолданыс мерзімімен ресімделеді. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтары, этникалық қазақтар және Қазақстан

Республикасының аумағында уақытша тұрып жатқан бұрынғы отандастар, Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұрып жатқан көшіп келушілер, сондай-ақ бизнес көшіп-келушілер шақырушы адамдар бола алады.

83. Осы Заңға сәйкес 2012 жылы Шетел азаматтарының келу және кету рәсімдерін оңайлату жөніндегі қағида қабылданды және визалардың белгілі бір түрлері бойынша шетел азаматтарының болу мерзімі ұзартылды. Жаңа қағидаларда шақырусыз Қазақстан Республикасы қысқа мерзімді визаларын ала алатын дүние жүзінің 48 дамыған мемлекеті үшін Қазақстан визаларын алудың оңайлатылған тәртібі сақталған.

84. Оралмандардың құқықтық мәртебесі «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 3-тарауында айқындалды. Осы заңның шеңберінде оралмандар және олардың отбасы мүшелері жеңілдіктер, өтемақылар және әлеуметтік көмектің басқа да түрлерін алады, сондай-ақ оларға бейімделу және интеграциялық қызметтер көрсетіледі.

85. 2012 жылы «Босқындар туралы» Заңға нақтылаулар қабылданды, онда Босқындар мәртебесі туралы конвенцияға және оған Хаттамаға сәйкес уәкілетті органның босқын мәртебесін айқындау тәртібі реттелді.

86. 2013 жылы қаңтарда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне босқын куәлігі еңбек шартын жасасуға рұқсат беретін құжаттар тізіміне кіретіні туралы толықтырулар енгізілді.

87. 2013 жылғы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың мүше мемлекеттеріндегі еңбек мигрантының денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындыны өзара тану туралы келісімге қол қойылды.

Адам саудасына қарсы күрес
95.49 - 95.52, 95.63, 97.8-ұсынымдар

88. 2012 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі адам саудасына қарсы Ұлттық жоспар қабылдады. Осы жоспарда жуырдағы екі жылға нақты 40 іс-шара көзделген.

89. 2009 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі адам саудасына қарсы іс-қимыл саласында 4 әлеуметтік жоба әзірледі, қазіргі кезде олар: республика аумағында адам саудасы құрбандарының уақытша тұруы және оларды оңалту орталықтарын құру, адам саудасы құрбандарының мәселелерімен айналысатын ҮЕҰ-ды қолдауды қамтамасыз ету, адам саудасы қылмыстарынан зардап шеккендермен жедел байланысты қамтамасыз ету мақсатында «Call Center» құру, адам саудасына қарсы күрес мәселелері бойынша әлеуметтік бейне роликтер дайындау және оларды республикалық БАҚ-та орналастыру іске асырылуда.

90. Барлық бейнероликтер әділет департаменттері арқылы республикалық телеарналардан да, жергілікті арналардан да көрсетілді. Оның үстіне, республиканың шет елге шығатын азаматтары үшін арнайы кітапшалар басып шығарылды.

91. 2012 жылдан бері «Адам саудасына қарсы күрес мәселелері бойынша арнайы Вебсайт қызметін қолдау» атты жаңа жоба ашылды.

92. 2013 жыл ішінде 346 қылмыстық іс қозғалды, оның ішінде: адамды қанау мақсатында ұрлау - 11, қанау мақсатында бас бостандығынан заңсыз айыру - 8, адам саудасы - 33, кәмелетке толмағандарды жезөкшілікпен айналысуға тарту - 17, кәмелетке толмағандарды сату - 24, жезөкшілікпен айналысуға тарту - 40, жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық - 213.

93. Бүгінгі таңда елімізде баспана құрылған, онда адам саудасының құрбандары үшін оналту қызметі көрсетіледі. Баспана Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің пилоттық жобасы шеңберінде ұсталады.

94. Қазақстан Республикасы Адам құқықтары бойынша Жоғарғы комиссар Басқармасының адам құқықтары және адам саудасы мәселелері жөніндегі ұсынатын қағидаттары мен басшылыққа алынатын ережелерін қолдайды және қолданады.

95. Адам саудасына қарсы күрес саласында құрбандарға көмек көрсету бойынша 20 Ү Е Ұ ә р е к е т е т е д і .

96. Қазіргі кезде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (бұдан әрі - ТМД) мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы бағдарламасы шеңберінде адам саудасы бойынша қылмысқа қарсы күрес, оларды болдырмау және олардың профилактикасы бойынша төртінші жоспар іске асырылуда.

97. Жаңа Қылмыстық іс-жүргізу кодексі қылмыс жасау арқылы келтірілген залалды өтеудің арнайы қорын құруды көздейді. Жаңа Қылмыстық кодексте адам саудасы қылмысы үшін мүліктік баламасыз тәркілеу көзделген.

98. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 4 шілдедегі Заңымен 128, 132-1, 133, 138, 138 -1, 270, 271-баптарға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзуға, кәмелетке толмағандарды жезөкшелікпен айналысуға тартуға, кәмелетке толмағандар саудасына қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс-жүргізу кодексіне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне денсаулық сақтау субъектілерінің жаңадан алған жарақатқа, жаралануға, қылмыстық түсік жасатуға байланысты өтініш жасаған адамдар туралы, сырқаттану жағдайлары, көрінеу жезөкшелікпен айналысуға немесе жеңгетайлыққа үй-жай беру туралы уәкілетті органдарға ақпарат беру жөніндегі міндеттерді бұзуға қатысты өзгерістер де енгізілген болатын.

99. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабына кәмелетке толмағандарға қатысты: кісі өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмысы, сондай-ақ адам саудасына байланысты қылмыстары үшін соттылығы бар адамдардың білім беру және тәрбие саласындағы еңбек қызметіне жол бермеуге қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын.

100. «Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету

мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Аталған Заңмен бала құқығын экономикалық қанаудан қорғау бекітіледі.

Ой еркіндігі, ар-ождан және дін бостандығы
95.70 - 95.74, 95.100, 97.5, 97.10, 97.19-ұсынымдар

101. 2012 жылы Әлемдік және дәстүрлі дінбасылардың IV Съезі өткізіліп, Дінбасылардың кеңесі құрылды. Астана қаласында 2015 жылы V Съезд өткізуге дайындалу мәселелері бойынша 2013 жылы Съезд хатшылығы өткізілді.

102. Дәрістер, әдістемелік семинарлар, кеңестер пішінінде жұмыс жүргізіліп жатыр. Айталық, Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің өкілдері дін саласындағы заңнаманың ережелерін түсіндіру үшін дәрістерді, семинарларды, дөңгелек үстелдерді, кеңестерді үнемі өткізіп тұрады, оларға Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің қызметкерлері шақырылады.

103. 2013 - 2014 жылдары Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі дін саласындағы өзара қарым-қатынас мәселелері бойынша Ватикан, Вена, Малайзия, Үндістан, Әзербайжан, Иран, Америка Құрама Штаттары, Біріккен Араб Әмірліктері, Египет, Ресей, Қызғызстан сияқты елдерге сапарлар жасады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі мен Біріккен Араб Әмірліктері, Тәжікстан, Түркия және Қырғызстан уәкілетті органдары арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумдардың жобалары әзірленді.

104. 2013 жылы басқа мемлекеттермен оң тәжірибе алмасу және конфессияаралық диалог жүргізу мақсатында Әлемдік және дәстүрлі дінбасыларының съезіне қатысушы елдерде: Сауд Арабиясы Корольдігінде, Израильде, Жапонияда, Америка Құрама Штаттарында, Ресей Федерациясында іс-шаралар өткізілді.

105. БҰҰ-ның дін немесе сенім бостандығы жөніндегі арнайы баяндамашысы, профессор Х. Билефельдтің сапары 2014 жылғы 26 наурыздан 4 сәуір аралығындағы кезеңде болды, ол діни және этникалық плюрализм қазақ қоғамының ерекше сипаты болып табылатынын атап өтті.

106. Қазақстан Республикасының Құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2014 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Осы бағдарламаның жекелеген бағыты құқық қорғау органдары қызметкерлерін оқытуды және олардың хабардар болу деңгейін көтеруді, оның ішінде, адамның дін саласындағы құқықтарын қамтамасыз етуді қоса алғанда, кадрмен қамтамасыз ету сапасын арттыру болып табылады.

107. Дін саласында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылы қабылданған жаңа Қазақстан Республикасының Заңы дін саласындағы маңызды

жетістіктердің бірі болып табылады. Осы Заңды әзірлеу барысында Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің атына 2539 өтініш келіп түсті. Бұл өтініштер «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының нормаларымен келіспеушіліктерге қатысты болды. Заңды Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде қараған кезде 229 өтініш ескерілді.

108. Елде дін бостандығы бар екені «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңның (бұдан әрі - Заң) 3-бабында толықтай расталды, онда заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейтіні атап көрсетілген.

109. Заңның 3-бабының 8-тармағында мемлекеттік-конфессиялық қатынастарда мемлекеттің атқаратын рөлі ашып көрсетіледі және осы қатынастардың діни бірлестіктер қызметіне мемлекеттің араласпауы сияқты қағидаттары енгізіледі.

110. Тіркеу тетігі діни бірлестіктер мен миссионерлік қызметті іске асыратын азаматтарға қандай да бір еңсерілмейтін міндеттемелер жүктеуге әкеп соқтырмайды, ол тек қана республиканың конфессиялық кеңістігіне есепке алуды, құрылымдандыру мен жүйелендіру енгізуді көздейді. Діни бірлестіктерді тіркеу діни сенім және дін бостандығы қағидатын сақтау кезінде конституциялық құрылыс негіздерін, имандылықты, денсаулықты, адамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, мемлекеттің және қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігіне байланысты туындап отыр.

111. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі қоғамдық қауіптілік дәрежесін және заңнамада көзделген тараптарды бұзғаны үшін жауаптылық шараларын айқындайды, бұл ретте, діни сенім бостандығына азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектемейді. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары, ең алдымен, Қазақстан Республикасы Конституциясының: «Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады» деген негізгі нормасынан туындайды. Құқықтық мемлекеттің басты қағидаты заңның үстемдігі болып табылады, ол қоғам өмірінің барлық салаларында жеке адамның бостандығын қорғау мен ұйымдастырудың жоғары нысаны болып табылады. Мұның өзі барлық мемлекеттік органдардың, діни бірлестіктердің, лауазымды адамдар мен азаматтардың заңдар негізінде, оларға сәйкес және оларды орындау үшін әрекет жасауға міндетті екенін білдіреді. Тиісінше «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бұзғаны үшін қолданылатын шаралар діни қызмет саласындағы құқықтық қатынастардың барлық қатысушыларына бірдей дәрежеде қолданылады.

112. 2011 жылы Президент сайлауы күніне қарсы (3 сәуір) 18 жастағы және одан асқан Қазақстан Республикасының барлық дерлік азаматы ешбір кемсітушіліксіз сайлаушылар тізіміне енгізілді. Елдің ересек халқының қатарында 9 миллион 200 мың 298 азамат болды, оның ішінде 8 миллион 279 мың 227 адам немесе елдің сайлаушыларының жалпы санының 89,98 пайызы дауыс беруге қатысты. 2012 жылғы 15 қаңтардағы Парламент сайлауы кезінде Қазақстан Республикасының 7 миллион 18 мың 927 азаматы немесе елдің электораты жалпы санының (9303693 адам) 75,4 пайызы өз сайлау құқығын іске асырды. Президенттік және парламенттік сайлаулар баламалылық және бәсекелестік қағидаттары негізінде өткізілді.

113. 2013 жылғы тамызда Қазақстан Республикасының барлық 14 өңірінде өткен сайлауда, 7 миллионнан астам қазақстандық тұратын 2457 ауылдың, ауылдық округтердің, кенттердің, аудандық маңызы бар қалалардың әкімдері сайланды. Осы сайлау додасында 6738 кандидат немесе бір әкімнің лауазымына 2 кандидаттан астам а д а м қ а т ы с т ы .

114. Сайланған әкімдердің құрамында 23 ұлттың өкілдері бар. Әкімдер лауазымына әйелдер арасынан 280 адам (11,4 пайыз) сайланды, бұл көрсеткіш бұрынғыға қарағанда 3 2 а д а м ғ а а р т қ а н .

115. 1995 жылғы 28 қыркүйекте қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға қолданыста болған бүкіл жылдары ішінде 782 өзгеріс пен толықтыру енгізілді. 2013 жылғы 24 сәуірде Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалар, ауылдық округтер, кенттер мен ауылдық округтердің құрамына кірмейтін ауылдар әкімдері сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Жарлық қабылдады. Бұл Жарлық бұрын қолданылып келген тағайындау жүйесінен сайлау жүйесіне өтуге бағытталған. Бейбіт жиналыстар, митингілер бостандығына құқық 9 7 . 1 4 - ұ с ы н ы м

116. 2010 жылдан 2013 жылғы 30 қыркүйек аралығындағы кезеңде республика бойынша жалпы 1222 әртүрлі акция тіркелді, оған 250 мыңнан астам адам қатысты. Өткізілген іс-шаралардың 660-на санкция берілмеген, оларға 138 мыңнан астам азамат қатысты. 2010 - 2013 жылдары еліміз бойынша 1211 наразылық акциясы тіркелді, оның ішінде рұқсат етілгені - 170, рұқсат етілмегені - 630, жергілікті атқарушы органның рұқсатын қажет етпегені - 411, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы акция - 819, қоғамдық-саяси сипаттағы акция - 392.

117. Оның ішінде: 182 митинг, 267 пикет, 56 ереуіл, 624 жиналыс өткізілген.

118. Қазақстанда жиналыстар ұйымдастыруды құқықтық реттеу халықаралық құқық нормаларына, атап айтқанда, демократия жүйесінің дамуы танылатын Адам құқығы туралы жалпыға ортақ декларацияның және Азаматтық, саяси құқықтар және әлем

елдерінің тәжірибесі туралы халықаралық пактінің нормаларына сәйкес келеді.

119. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 334-бабына 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 393-IV Қазақстан Республикасының Заңымен қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процесте заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер енгізілді, олар бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, тосқауылдар мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнаманы бұзғаны үшін жазаларды жұмсартта түсті.

120. Бейбіт жиналыстар мен митингілер өткізу туралы жаңа Заңның жобасын әзірлеу жөніндегі тұжырымдаманы азаматтық қоғамның қатысуымен уәкілетті мемлекеттік органдар әзірлеп жатыр.

Ақысыз білікті заң көмегін алу құқығы
9 5 . 5 4 - ұ с ы н ы м

121. Мемлекет халыққа құқықтық көмек көрсету саласында белсенді ақпараттық саясат жүргізеді (call-орталықтары жұмыс істейді, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі және т.б.). Қазақстанның қала тұрғындары мен ауылдық округтерінің тұрғындарына құқық мәселелері бойынша тегін консультация беру қызметі бар («119» немесе 8 7 1 7 2 5 8 0 0 5 8 н ө м і р л е р і).

122. 2012 - 2014 жылдары адвокаттар республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсететін заң көмегін қамтамасыз етуге 2 миллиард теңгеден астам сома бөлінді.

123. «Әділет» дерекқорының тегін жұмыс істеуі үшін 500 миллион теңгеге жуық қаржы бөлінді, «Құқықтық насихат» бағдарламасы бойынша 80 миллион теңге шамасында, Call-орталық - Құқықтық ақпарат қызметі бойынша 47 миллион теңге дерлік қ а р а ж а т б ө л і н д і .

124. 2013 жылы «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда мемлекеттің заң көмегін ұсыну аспектілері (құқықтық ақпараттандыру, құқықтық консультация беру, жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау және білдіру) ашып көрсетілді.

125. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекет кепілдік берген заң көмегін ұсыну жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (қорғаушыны шақырту, тағайындау, ауыстыру, оның еңбегіне ақы төлеу бөлігінде), Азаматтық іс жүргізу кодексіне (тегін заң көмегін көрсету бөлігінде), Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына тегін заң көмегін көрсету, осы көмекке ақы төлеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Ә й е л д е р қ ұ қ ы қ т а р ы
95.35 - 95.37, 95.78, 95.79-ұсынымдар

126. 2013 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстанның 17098546 жалпы халқының 8845067 (51,8 %) адам әйелдер қауымы құрайды. 2013 жылдың соңында Давос форумының талдау тобы жариялаған әлем елдерінің рейтингісі бойынша жыныстардың теңдігі деңгейінде Қазақстан Республикасы 136 елдің ішінде ТМД-ның барлық елдерінен озып, 32-орынды иеленді.

127. 2013 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша мемлекеттік қызметтегі әйелдер саны 48378 адамды (55,7 %) құрайды (жалпы сан бірлігі 91077) құрайды. Саяси-мемлекеттік қызметшілері арасындағы әйелдер үлесі 10 % құрайды, олардың ішінде Қазақстан Үкіметінде 19 министрдің 3-і әйел (15 %), олар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Экономикалық интеграция істері жөніндегі министрлігі сияқты негізгі ведомстволарды басқарады. Қазақстан Республикасының Парламентіндегі депутат әйелдер санының өскені анықталды. 2010 жылы Қазақстан Республикасының Парламентіндегі орын үлестері 13,6 %, 2011 жылы 13,7 % құрайды. Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде 28 әйел, бұл депутаттардың жалпы санының 26,1 % (2012 жылғы сайлауға дейін - 19 әйел) құрайды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты судьяларының арасында әйелдер 36,4 % құрайды; ал жергілікті судьялар арасында жартысынан көбі (53,6 %) әйелдер.

128. Соңғы 8 жылда (2005 жыл мен 2012 жыл аралығында) қабылданған шаралардың арқасында отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында қылмыстың төмендеуінің берік үрдісіне қол жеткізілді. Көрсетілген кезеңде қылмыстың саны жартысынан көпке 1610-нан 780-ге дейін, адам өлтіру екі есеге (578-ден 285-ке дейін) азайды.

129. 2010 - 2013 жылдары Қазақстанның іскер әйелдері қауымдастығы «Әйел және дін» форумы, Еуразиялық саммит - 3, Әйелдердің ғаламдық саммиті 2013 және т.б. іс-шараларды өткізді. 2012 жылы қазақстандық іскер әйелдер қауымдастығы Дүниежүзілік кәсіпкер әйелдердің қауымдастығына кіріп, FCSEM мүшесі болды.

130. 2009 жылғы 8 желтоқсанда «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, оны іске асыру үшін 2010 - 2013 жылдары мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары тарапынан біраз күш салынды.

131. 2012 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен «Отбасылық міндеттермен еңбек ететін еңбекші ерлер мен әйелдерге арналған тең қарау және тең мүмкіндіктер туралы» Халықаралық еңбек ұйымының № 156 конвенциясы р а т и ф и к а ц и я л а н д ы .

132. 2014 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында зейнетақы қорына, жүктілік және босану бойынша демалысқа ақы төлеуге, міндетті қоғамдық сақтандыруға қатысты

ө з г е р і с т е р

е н г і з і л д і .

Б а л а л а р қ ұ қ ы қ т а р ы

95.9, 95.21, 95.26 - 95.28, 95.38, 95.39, 95.40, 95.81-ұсынымдар

133. Республикамызда ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жетім балалар мен балалардың жанұялық нысандары белсенді даму үстінде.

134. Қазақстандық азаматтар қамқоршыларды, патронаттық тәрбиелеушілерді мәнді ынталандыру белсенді дамып отыр. Патронатты тәрбиеде, қамқорлықта, ж а н а ш ы р л ы қ т а 2 3 8 0 3 б а л а б а р .

135. 2011 жылдан бастап қамқоршылар мен жанашырларды қолдау мақсатында мемлекет қамқорлықтағы әр баланы асырауға 10 АЕК (АЕК - айлық есептік көрсеткіш) көлемінде жәрдемақы төледі. 2011 жылдан 2013 жыл аралығында республикалық бюджеттен осы мақсатқа 12 млрд. теңгедеге жуық қаражат бөлінді. 2013 жылы патронатты тәрбиеге 1 млрд. 035 млн. 751 мың теңге жергілікті бюджет есебінен б ө л і н г е н б о л а т ы н .

136. Бала құқықтары жөнінде Омбудсменді құру жөніндегі мәселені 2011 жылы мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, ұлттық құқық қорғау мекемесі ретінде Адам құқықтары жөніндегі уәкіл пысықтады. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мекемесінің атына Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасынан, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінен және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінен ұсыныстар келіп түсті. Жалпы барлық орталық мемлекеттік органдар осы институтты құруды қолдайды.

137. БҰҰ (ЮНИСЕФ) Балалар қорымен бірге АИТВ індетін жұқтырған балалар мен олардың жанұясын, сондай-ақ қоршаған ортаға жағымсыз әсерді, қоғамдағы шиеленісті алып тастау үшін Қазақстан Республикасы, сондай-ақ шет елдердің медициналық қызметкерлері мен психологтары қатарынан мультитәртіптік командалар ұйымдастырылды. Әр елді мекендегі топтар осындай балалар анықталған мектептерде, балалар бақшасында, ата-аналармен және педогогтармен әңгімелер жүргізді, бұқаралық ақпарат құралдарында жапа шеккен балаларға толерантты қарым- қатынас туралы ә н г і м е л е с т і .

138. Қазақстанда білім беру, еңбек және әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, ішкі істер, әділет, мәдениет, прокуратура органдары балалар еңбегінің ең жаман түрлерін жою жөнінде және «Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Халықаралық еңбек ұйымының №182 конвенциясын іске асыру жөніндегі Ведомствоаралық жұмыс жоспарын іске асырып ж а т ы р .

139. Оқытумен қамтылмаған, қадағалаусыз және панасыз қалған балаларды, балалар еңбектерін пайдалану фактілерін айқындау бойынша бірлескен акциялар, рейдтік іс-шаралар, үйлерді аралау өткізіледі: «Балалар түнгі қалада» (тоқсан сайын), « Балалар еңбегін пайдалануға қарсы 12 күндік күрес» ұлттық ақпараттық науқан (1-12

м а у с ы м) .

140. 2013 жылы ұлттық ақпараттық науқан шеңберінде 2 мыңнан астам іс-шара өткізілді. Ұлттық ақпараттық науқаның барлық іс-шаралары 1,2 млн. артық кәметке толмағандарды және 200-ден артық ересектерді қамтыды.

141. Республикада жыныстық белгісі бойынша, сондай-ақ мүгедек-балаларға, некеден тыс туылған балаларға қатысты кемсітушілікке тыйым салынған. Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі комитетте, Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі комиссияда некеден тыс туылған балаларды кемсіту мәселелері жөніндегі шағымдар мен өтініштер тіркелмеген.

142. Елімізде қоғамның барлық мүшелерінің жынысқа тиесілігіне қарамастан, олардың тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы № 1677 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында 2006 - 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

143. 2012 - 2013 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде оқушылардың жалпы санының 50 %-ынан астам қыз балалар оқыды. Республикада мектептің қоғамдық өміріне қыз балалардың қатысуы жандандырылды, олардың көпшілігі бүгінгі күні балалар мен жастар ұйымдарының көшбасшылары, спорттық сайыстардың, пәндік олимпиадалардың, мәдени іс-шаралардың жеңімпаздары болып табылады.

144. Қазақстан Республикасында 2010 жылы Балаларды қорғау және шетелдіктердің бала асырап алуына қатысты ынтымақтастық туралы конвенция ратификацияланды.

145. 2012 жылы Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенция ратификацияланды.

146. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 4 ақпандағы № 266 Жарлығына сәйкес барлық облыс орталықтарында, оның ішінде Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында кәметтік жасқа толмағандардың істері бойынша мамандырылған соттар құрылды. Аталған соттардың құрылуына олардың 2007 жылдан бері Астана мен Алматы қалаларында жұмыс істеуіне оң практикасы септігін тигізді. Қазіргі ювеналды соттарға қоса, соттарды мамандандыруды дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 785 Жарлығымен Қарағанды облысында кәметке толмағандардың істері бойынша № 2 сот құрылды.

147. 2014 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Аталған Заң отбасы-тұрмыстық қатынас, сонымен қатар кәметке толмағандарға қарсы қылмыс саласындағы жауапкершілікті қатаңдатуды көздейді. Заңда «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына қиын өмірде қиын жағдайға тап болған баланың құқықтарын қорғау бөлігінде өзгерістер мен

148. Жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқарушылық кодексі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі қабылданып, оларда балаларға қарсы жасалатын қылмыстар мен құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті күшейту көзделеді.

149. «Баланы оның денсаулығына, дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау» және «Кейбір заңнамалық актілерге баланың денсаулығына, имандылық және рухани жағынан дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобалары Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауында. Заң жобаларында балалардың арасында ақпараттық өнімдер айналымының шарттары мен тәртібін белгілейтін және заңды және жеке тұлғаларға кәмелетке толмағандардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттерді жүктейтін, кәмелетке толмағандардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге құқықтық кепілдікті бекітеді.

А з ұ л т т а р қ ұ қ ы қ т а р ы
95.22, 95.71, 95.74, 95.90, 95.91, 97.9-ұсынымдар

150. Қазақстан халқы ассамблеясы – Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын конституциялық орган. Бұл еліміздің 100-ден аса этносын біріктіретін бірегей институт. Қазіргі таңда Ассамблеяның құрамында 394 мүше бар. Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі 107 депутаттан тұратынын, оның 9-ын Қазақстан халқының Ассамблеясы сайлайтынын атап өту қажет. Олар еліміздің барлық этностарын мүдделерін білдіреді.

151. Ассамблеяның жұмысының арқасында елімізде этносаралық және конфессия аралық бірегей келісім моделі құрылды, онда әр азамат этникалық және діни тиістілігіне қарамастан, Конституция кепілдік берген азаматтық құқық пен бостандықты кең түрде пайдаланады және иемденеді, ерекше сенім, ынтымақ пен өзара түсіністік қалыптасты.

152. Қазақстанда 300-ден аса этномәдениеттік бірлестіктер жұмыс істейді.

153. 2011 жылдан бастап жоғары оқу орындарында этносаралық қатынастарға және нәсілдік кемсітуге арналған жеке пәндерді оқыту енгізілді.

154. Республикада аз ұлттар үшін ана тілін үйренуге жағдайлар жасалған. Республиканың білім беру ұйымдарындағы негізгі ережелердің бірі - ана тілдерін үйренуде аз ұлттардың құқықтарын іске асыру орындалуда.

155. Республикада 2013-2014 оқу жылдарында:
өзбек тілінде оқытатын - 57 (2012 жылы - 60);
ұйғыр тілінде оқытатын - 14 (2012 жылы - 14);
тәжік тілінде оқытатын - 2 (2012 жылы - 2) мектеп жұмыс істейді.

156. Аралас мектептерде - 91 (2012 жылы - 79) өзбек тілін, 48 (2012 жылы - 49) ұйғыр тілін, 9 (2012 жылы - 10) тәжік тілін оқытатын сыныптар бар.

157. Балалардың және шағын елді мекенде тұратын халықтың мүдделерін назарға ала отырып, қажет болған жағдайда аз ұлттар тілдерін үйрену үшін қосымша сыныптар ашылды.

158. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында мәдени-этникалық сипаттағы 34 баспа басылымы тіркелді. Олардың ішінде 12 - ұйғыр, 8 - өзбек, 3 - украин, 2 - түрік, 2 - әзербайжан, 1 - күрд, 1 - корей, 1 - неміс, 1 - татар, 1 - армян, 1 - дүнген, 1 - белорус тілдерінде.

159. Қазақстан Республикасының Президенті 2010 жылғы 20 сәуірде Қазақстанның Ұлттық бірлік доктринасын мақұлдады. Доктринаны іске асыру үшін 2011 - 2014 жылдарға арналған іс шаралары орындалып жатыр.

С о т т ө р е л і г і

95.53,95.55 - 95.62, 95.63, 95.69-ұсынымдар

160. Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан бері жүйелі және кезең-кезеңмен сот-құқықтық реформа жүргізіліп келеді.

161. Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекелестік индексі жариялаған рейтингіне сәйкес Қазақстан «Сот тәуелсіздігі» көрсеткіші бойынша 2012 жылы 94-орын алса, 2013 жылы 88-орынды иеленді. Елдің институционалдық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылатын «сот тәуелсіздігі» көрсеткішін жақсарту үшін Дүниежүзілік экономикалық форумның индексіне жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің рейтингінінде сот билігі тәуелсіздігінің индексін көтеру жөніндегі іс-шаралар жоспары (Жол картасы) бекітілді.

162. Қазіргі уақытта аудандық соттармен қатар мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар, әскери соттар, кәмелетке толмағандардың істері бойынша ауданаралық соттар құрылды және толық жұмыс істеді.

163. Жоғарғы сот Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Сот төрелігі институтымен бірге ювеналды әділет саласында мамандар даярлау үшін кәмелетке толмағандардың қатысуымен істерді қарауға маманданатын судьяларды оқыту бойынша арнайы бағдарлама және тақырыптық жоспар әзірледі.

164. 2010 жылы медиация институты құрылды. 2013 жылы медиаторлардың қатысуымен 1276 азаматтық және 2287 қылмыстық іс қаралды. 2012 жылмен салыстырғанда медиация арқылы жабылған азаматтық істердің саны 10 есе артты.

165. 2013 жылы қылмыстық сот ісін жүргізу бөлігінде 507 адамға қатысты ақтау үкімі шығарылған, ол үкімі шығарылып қаралған істер санының 1,8 %-ын құрайды. 2012 жылы 400 адам немесе 1,7 % ақталды. 2011 жылы ақталғандардың саны 482 немесе 1,7 %, 2010 жылы - 707 немесе 1,9 % құрады.

166. Азаматтық сот ісін жүргізуді жаңғырту мақсатында процесс тараптары үшін азаматтық істерді қараудың ыңғайлы және жылдам әрі қазіргі заманғы жаңа технологияларын кеңінен пайдалану тәртібін көздейтін жаңа Азаматтық процестік кодексінің жобасы әзірленуде.

167. 2011 жылы Жоғарғы сот Қазақстан Республикасының азаматтық, қылмыстық істер бойынша заңдарынан Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың басым болуының конституциялық қағидатын соттардың қолдануы бойынша сот тәжірибесін қорытындылады, ол Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларын қолдануда проблема жоқ екенін көрсетті.

168. 2013 жылдың екінші жартыжылдығында Жоғарғы сот экстремизмге және терроризмге байланысты қылмыстық істерді қарау бойынша сот тәжірибесін қорытындылады.

169. Іс жүргізу заңнамасында сот шешімдерін тоқтата тұру құқығы тек Бас прокурорға берілген. Бұдан басқа, бұл құқықты ол тек істі қадағалау тәртібінде қайта қарау мақсатында ғана іске асыратынын ескеру алу қажет. Бас прокурордың сот актісін атқаруды тоқтата тұруының уақыты шектелген (үш айдан артық емес). Соттар шығарған шешімдердің аясында Бас прокуратура тоқтата тұрған сот актілерінің үлесі аз екенін атап өту қажет. Сот актілерінің орындалуын тоқтата тұру үшін негіз тараптарды тұрғын үйден заңсыз шығару, айтарлықтай ақша сомасын соның ішінде мемлекеттен де, негізсіз өндіріп алу қайта қарау туралы өтінішпен жүгінген іс бойынша дәлелдері, салық төлеушілердің іс-әрекеттерінен салық, бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару әрекетінің белгілерінің болуы және т.б. болып табылады.

170. Қолданыстағы Конституцияның және іс жүргізу заңының нормаларына сәйкес прокуратура органдарының қызметін сот жүйесінің қызметіне негізсіз араласу және сотқа қатысы үстемдік ету деп бағалауға болмайды.

171. Сотта жергілікті жерде сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу бойынша тікелей бағынатын бөлімдер құрылған. Сот жүйесіндегі жемқорлыққа қарсы күреске ұйымдастырушылық және функционалдық шаралар бағытталған, олар жергілікті соттардың материалдық-техникалық жабдықталуынан, судьялардың материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етілуін жақсартудан, олардың жауапкершілігін арттырудан, сот этикасының нормаларын мүлтіксіз сақтаудан және сот қызметінің транспаренттілігіне жағдай жасаудан тұрады. Қазақстанның барлық соттары сот төрелігінің қазіргі заманғы стандарттарына жауап беретін және техникалық жағынан жабдықталған ғимараттарда орналастырылған. Соттардың қызметіне ақпараттық технологияның жаңа жетістектері, электрондық іс жүргізу енгізілген.

172. 2010 - 2013 жылдары елдің сот жүйесін жетілдіруге бағытталған заңдар қабылданды.

173. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі

Қазақстан Республикасының Заңына мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік және құқықтық қорғалуын мемлекеттің қамтамасыз етуіне, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау қаупі жоғары мемлекеттік қызметпен айналысуға үміткер адамдарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасын сақтау тұрғысынан арнайы тексеруге қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

174. 2010 жылғы 17 тамызда «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қабылданды, онда баламалы тергеу тиесілігі нұсқаларын азайту тапсырылған және сыбайлас жемқорлық туралы істерді тергеуді қаржы полиция органдары жүзеге асыруы қажет деп бекітілген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011 - 2015 жылдарға арналған салалық бағдарлама бекітілді.

175. 2013 жылы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне тәуелсіз сот билігін одан әрі нығайту және жетілдіру мақсатында Жоғарғы сот мынадай заң жобаларын әзірлеп енгізді:

судья лауазымына кандидаттарды конкурсық іріктеу рәсімін жетілдіруге судьялыққа кандидаттарды іріктеу барысында жұртшылықтың рөлін нығайтуға; жетекші судья лауазымына кадрлық резервтің рөлін арттыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Конституциялық заңның жобасы;

сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу туралы заң жобасы. Жобада азаматтық істер бойынша жоғары заң білімі бар адамдар жіберілетін өкілдерге қойылатын талаптар белгіленеді, сонымен қатар, сот жүйесінде ақпараттық технологияларды қолдану саласын кеңейту мәселелері шешілуде.

176. Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сот қайта ұйымдастырылған немесе таратылған, судьялардың саны қысқарған жағдайда, қызметтік тұрғын үйді жекешелендіру құқығын бере отырып, судьяларға демалыс күнгі жәрдемақысын алуға құқық беретін нормаларды көздейтін өзгерістер енгізілуде. Судьяларды медициналық қамтамасыз ету нормалары жетілдіріледі. Судьяларды зейнетақымен қамсыздандыру тетігін жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар, зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар Комиссияға енгізілді.

177. 2012 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасының Парламентіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ювеналды юстицияны жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізілді. Заң жобасын қабылдаудың мақсаты жасөспірімдер мен балалардың жағдайын әлеуметтік бақылау жүйесін енгізу;

кәмелетке толмағандарға қатысты қандай да бір құқықтық шешім қабылдаудың әділдігі ; өмір сүру жағдайлары барынша қолайлы болғанда балалардың жеке басын әлеуметтендіруді қамтамасыз ету; кәмелетке толмағандарды жазасын өтегеннен кейін
оң а л т у .

Экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл 9 5 . 3 1 - ұ с ы н ы м

178. Экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимылдың жаңа жүйесіне сәйкес мемлекет мына бағыттар бойынша белсенді жұмыс жүргізуде: терроризмнің алдын алу; террористік әрекетті анықтау және жолын кесу, террористік қылмыстардың ашылуы және тергелуі, терроризм салдарын азайту және жою.

179. Терроризмнің және экстремизмнің алдын алу шаралары терроризм мен экстремизмнің туындауына және таралуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауды, зерделеуді, жоюды көздейді. Осы бағытта Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктер мен миссионерлердің қызметін зерттеу және талдау жұмыстары жүргізілуде, ақпараттық-насихаттау іс-шаралары жүзеге асырылуда, бұқаралық ақпарат құралдарында экстремизм мен терроризмді насихаттауға және ақтауға жол бермеу тұрғысында бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдеріне мониторинг жүргізілуде, тәрбие беру бағдарламалары әзірленуде, террористік және экстремистік ұйымдардың және террористік және экстремистік қызметтерді жүзеге асырғаны үшін жауапкершілікке тартылған адамдардың есебі жүргізілуде. 2013 жылы облыстардың және республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің жанында Терроризмге қарсы комиссия құрылды.

180. Екінші бағыт бөлігінде соңғы бес жыл ішінде Қазақстанда террористік қылмыстар үшін 148, ал экстремизм белгілері бойынша қылмыстар үшін 160 адам сотталғанын атап өту қажет.

181. 2013 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қаржы мониторингі шеңберінде қаржы мониторингі субъектілерінен 700 мыңнан астам хабарлама қабылданды. Олардың ішінде - 560 мыңы бастапқы, 130 мыңнан астамы күмәнді және шамамен 360 - терроризмді қаржыландыру бойынша. Арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына олардың құзыретіне сәйкес одан әрі шешім қабылдау үшін 126 материал жіберілді.

182. 2012 жылы қаржы мониторингі институты нығайтқан «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер енгізілді. 2013 жылы қабылданған түзетулер «терроризм» және «терроризм актісі» ұғымдарының аражігін ажыратты. Сонымен қатар, үш бағыттан тұратын «терроризмге қарсы іс-қимыл» ұғымының өзі қайта қаралды: терроризмнің алдын алу шаралары; террористік әрекетті анықтау және жолын кесу, террористік қылмыстарды ашу және тергеу, терроризм салдарын азайту және жою, сонымен қатар, террористік қатынастағы осал объектілер тізбесі анықталды. Терроризм актісі салдарынан жәке және заңды тұлға келтірілген

мүліктік залалды өтеу мәселелері регламенттелген.

183. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі Жарлығымен Қазақстан Республикасында діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бекітілді.

Денсаулықты қорғау
95.29, 95.39, 95.40, 95.84-ұсынымдар

184. Тегін медициналық қызметтің кепілдік берілген көлеміне жұмсалатын шығындардың жалпы сомасы (күрделі шығындарды есепке алмағанда) 2013 жылы 614,0 млрд. теңгені құрады, бұл 2012 жылға қарағанда (562,8 млрд. теңге) 9 % жоғары. Тиісінше тегін медициналық қызметтің кепілдік берілген көлемін көрсету шығындарының деңгейі де өсті, 2014 жылы 1 тұрғынға есептегенде 35435 теңгені (2012 жылы - 33528 теңге) құрады. Халықтың жан басына шаққанда денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындардың соңғы жылдардағы серпіні - оң. Соңғы 5 жыл ішінде бұл көрсеткіш 2 еседен астам өсті: 2008 жылы - 24251 теңге, 2009 жылы - 28965 теңге, 2010 жылы - 34248 теңге, 2011 жылы - 38131 теңге, 2012 жылы - 43795 теңге, 2013 жылы - 47381 теңге.

185. 2010 жылы Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың тапсырмасымен әзірленген Денсаулық сақтаудың бірыңғай ұлттық жүйесі енгізілді. Бұл жүйе стационарды еркін таңдау негізінде сапалы медициналық қызметті және оған тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

186. Сапалы стационарлық көмек пациентке стационарды еркін таңдау құқығының және кез келген облысқа, Алматы қаласына немесе астанаға жоспарлы емделуге бару мүмкіндігінің берілуі арқасында қолжетімді болды. 2013 жылы стационарды еркін таңдау құқығын 832 мың пациент пайдаланды, солардың ішінде ауыл тұрғындарының саны 44 % құрайды. Республикалық клиникаларда мамандандырылған көмекті тұрғындардың 14 % алды, олардың ішінде 33,7 % ауыл тұрғындары.

187. 2010 жылы диагностикаға және емдеуге 65, ал 2011 жылы 123 жаңа технология орнатылды. Егер 2010 жылы өңірлерде 750-ге жуық операция жасалған болса, 2011 жылы олардың саны 1900-ге жуықтады. Астана қаласында Мемлекет басшысының тапсырмасымен әлемдік деңгейдегі Ұлттық кардиохирургия орталығы салынды. 300-ге жуық кардиохирургиялық операция, оның ішінде 90-ға жуығы балаларға жасалды. Жоғары мамандырылған медициналық көмек қызметінің көлемі 2011 жылмен салыстырғанда 60 %-ға өсті, бұл ретте жартысынан көбі (56 %) өңірлік деңгейде көрсетілді. Республика өңірлерінде тек ғана 5 технология бойынша жоғары технологияларды (жіті коронарлық синдром кезінде жүрек көк тамырларын стенттеу, буындарды эндопротездеу және басқалар) енгізу арқасында экономикалық тиімділік 415 млрд. теңгені құрады. Бұдан басқа, бұл 24 мың жағдайда өлімнің және мүгедектіктің алдын алуға мүмкіндік берді.

188. 2013 жылы медициналық ұйымдарға лизинг арқылы және республикалық бюджеттен лизингтік төлемді өтеуге құны 50 млн. теңгеге дейін жабдық сатып алу мүмкіндігі берілді.

189. 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік денсаулық сақтау бағдарламасын іске асыру жөніндегі жиынтық материалға сәйкес Қазақстанда 2013 жылы ана өлімінің көрсеткіші 100 мың тірі туған сәбиге 12,6-ны құрады (2012 жылы 100 мыңнан 13,5). Нәресте өлімінің көрсеткіші 17 %-ға азайды, ол 13,48-бен салыстырғанда тірі туылған 1000-нан 11,2-ні құрады.

190. Тегін медициналық қызметтің кепілдік берілген көлеміне экстракорпоралдық ұрықтандыру бойынша қызмет көрсетуді енгізу үлкен жетістік болды, 2011 – 2015 жылдары мемлекеттік бюджеттен экстракорпоралдық ұрықтандыру бағдарламасына 2396,3 млн. теңге бөлінді. Ағымдағы жылы экстракорпоралдық ұрықтандыру циклінің саны б е с е ө с т і .

191. 2013 жылы халықтың туберкулезбен сырқаттану көрсеткіші 100 мың халыққа шаққанда 73,5-ті құрады, ол 2012 жылғы ұқсас кезеңде 81,7-ні құрады. 2013 жылы басты назар Ішкі істер министрлігінің жабық мекемелеріндегі туберкулезді емдеуге аударылды, оған қаражат бөлінді және салааралық іс-қимыл жоспары іске асырылуда. Туберкулезге қарсы қызмет Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған көптеген дәрі-дәрмекке көнбейтін туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеуді қамтудың 85 % деңгейіне қол жеткізді. Осы мәселе өзекті болып қала береді. Үкімет қаулысымен 2014 - 2020 жылдарға арналған туберкулезге қарсы күрес бойынша кешенді жоспар қабылданды. Осы жоспардың мақсаты Қазақстан Республикасының 100 мың тұрғынына шаққанда ауруларды 63,9-ға дейін және туберкулезден болатын өлімді 5,0-ге дейін азайту және жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінде елдің жағдайын жақсарту болып табылады.

192. Денсаулық сақтау ұйымдарында «ынталы қызметкер және қанағаттанған пациент» өзара қарым-қатынасы үлгісін құру бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл үлгі көрсетілетін медициналық қызметтің сапасымен халықты қанағаттандыру деңгейін арттыру және дәрігердің өз жұмысының түпкілікті нәтижесіне деген қызығушылығына бағытталған.

193. 2013 жылы барлық 418 стационарлық ұйымның ішінен үнемдеу есебінен (52 %) 217 стационарда сараланған еңбекақы төлеу енгізілді. 26 мың медицина жұмыскері сараланған еңбекақы төлеумен қамтылған. Олардың ішінде 8 мыңға жуық дәрігер (15 мың дәрігердің ішінен), 18 мыңнан астам мейіргер (39,0 мың мейіргер ішінен). Орташа сараланған айлық үстемеақы: дәрігерлерде 12,4 мың теңгені, мейіргерлерге 6,3 мың теңгені құрады.

194. 2012 жылы «Көрсетілетін медициналық көмектің көлеміне, сапасына қарай медициналық қызметкерлерге еңбекақы төлеу және салалық көтермелеу жүйесі қағидасы» туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін

атқарушының 2009 жылғы 10 қарашадағы № 689 бұйрығына медициналық персоналды уәждеу қағидаттарын жетілдіру бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Әлеуметтік қамсыздандыруға құқық
95.2, 95.80, 95.82, 95.83, 95.86, 95.93, 97.1-ұсынымдар

195. 2013 жылдың қорытындысы бойынша біздің еліміз ұлттық әл-ауқаттың халықаралық рейтингінде 47-ші орынды иеленді.

196. 2011 жылы Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарлама шеңберінде оған Қазақстан Республикасының аз қамсыздандырылған азаматтарының қатысуға басым құқығы бар.

197. 2013 жылы әлеуметтік құқықты тиісті сақтауды қамтамасыз ету үшін прокуратура органдары зейнетақымен қамту туралы заңнаманың қолданылуына қатысты 188 тексеру жүргізді, нәтижесінде 3932 заңнаманы бұзушылық анықталды. Прокурорлық ден қою шаралары арқылы 6 мың азаматтың зейнетақы құқығын қорғауға мүмкіндік болды.

198. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын іске асыру жөніндегі «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақалада берілген іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанынан экономикалық қызмет, еңбекке қабілетті халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтитын топқа арақатынасы, жұмыссыздар деңгейін анықтау әдістемесін жетілдіру және әлеуметтік-еңбек саласындағы салалық заңнамаларды кешенді түгендеудің түрлері бойынша жұмыс тобы құрылды.

199. Әзірленген ұсыныстардың нәтижесінде «Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың санын анықтау әдістемесін бекіту және олардың орташа айлық табысының деңгейі және жұмыссыз халықтың санын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2013 жылғы 10 қаңтардағы № 3 бұйрығы қабылданды.

200. 2013 жылы 1,9 мың мемлекеттік арнайы жәрдемақы алатындар саны қатарынан 0,4 мыңын балалар үйінің тәрбиеленушілері, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар құрады.

201. «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы және «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» мемлекеттік бағдарламалары ұзақ мерзімде жұмыссыздықпен күресуге арналған. «Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасында» 2016 жылы кедейлік деңгейі 8,2-ден 6,0 %-ға дейін төмендейді, жұмыссыздық деңгейі 5,5 %-дан аспайды деп болжануда. Осыған байланысты Бағдарламаны іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады: өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды, жұмыссыздарды және аз қамтылған халықты оқытуға және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу; ауылдағы кәсіпкерліктің дамуына жәрдемдесу; еңбек қорларын жұмылдыруды көтермелеу.

202. Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеушілер 29 жасқа дейінгі жас адамдарды,

оның ішінде балалар үйінің тәрбиеленушілерін және жетімдерді, сондай-ақ аз қамтылғандарды, мүгедектерді және оралмандарды жұмысқа орналастыруды басымдық қатарында белгіледі. Осы бағдарламада бағдарламаға қатысушылардың тізбесі тобына кіретін тұлғалармен (мүгедектерді қоса алғанда) толықтырылғанын атап өту қажет.

203. Бұл мақсаттарға тек 2013 жылы шамамен 105 миллиард теңге бөлінген, 2014 жылы - 100 миллиардқа жуық теңге және 2015 жылы 98 миллиард теңге жоспарланып отыр.

204. Бағдарламаны іске асыру кезеңінде (2011 - 2013 жылдары) 2014 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 267,9 мыңнан астам адам, оның ішінде: 151,5 (57 %) мың 29 жасқа дейінгі жастағы адамдар, 15,6 мың аз қамтылған азаматтар мемлекеттік қолдау тапты. Сонымен бірге, 2013 жылы 1,2 мың мүгедек қамтылды, 163 мүгедекке өз ісін ұйымдастыруға микрокредиттер бөлінді. Микрокредиттің орташа көлемі 2,1 млн теңгені құрады.

205. Әлеуметтік көмек жүйесін әлеуметтік жаңғырту шеңберінде олардың нақты қажеттіліктерін есепке ала отырып, азаматтарға/отбасыларға берілетін шартты әлеуметтік көмек, отбасын жандандырудың әлеуметтік келісімшарт талаптарына қол қою және орындау шарттарында тараптардың «өзара міндеттемелерін» енгізу бойынша пилоттық жоба енгізілді.

206. Кедейлік деңгейінің төмендеу динамикасы атаулы әлеуметтік көмек беру серпінінен көрініс табатынын атап өтуге тиіс. Осылайша, 2012 жылы атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 1,2 млн адамға, 2013 жылы 60,7 мыңға дейін қысқарды.

207. 2013 жылы маусымда «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, оған сәйкес зейнетақы активтерін бақыланатын және тиімді орналастыру есебінен олардың өсуін қамтамасыз ететін және зейнетақы қорларын сақтауға мүмкіндік беретін «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын» құру көзделді. 2018 жылдан бастап жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін арттыру мақсатында әйелдердің зейнеткерлік жасын біріздендіру; зиянды және ерекше еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдар үшін қажетті жинақтаушы зейнетақы қорларын жинауға, ауыр және зиянды жағдайда істейтін адамдарға зейнетке анағұрлым ертерек шығуға қосымша мүмкіндік беретін ерікті зейнетақы жарнасынан кәсіптік міндетті зейнетақы жарнасына өту.

208. Жұмыс істейтін әйелдер үшін босану және 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалыстарда жүрген кезеңде міндетті зейнетақы жарнасына 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап субсидиялау енгізілген 2014 жылғы 10 қаңтарда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

209. Қазақстан Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы

Халықаралық пактіге Факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы мұқият құқықтық сараптамадан өткеннен, сондай-ақ құжатқа қаржылық міндеттемелер тұрғысынан талдау жасалғаннан кейін шешім қабылдауды жоспарлайды.

Қолайлы қоршаған ортаға құқық
95.94, 95.95 - ұсынымдар

210. Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыстар бірнеше бағыттар бойынша жүзеге асырылады: «жасыл экономиканы» дамыту; халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға антропогендік әсерді төмендету және табиғи экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру; қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесін дамыту және ж е т і л д і р у .

211. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» өтуі жөнінде тұжырымдама әзірленді. Тұжырымдаманы іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» өтуі жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдаманы іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

212. Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасы бойынша әзірленген «Жасыл көпір» өңіраралық әріптестік бағдарламасы іске асырылуда. Осы бағдарлама Еуропа, Азия және Тынық мұхиты елдерінің әріптестігін дамытуға бағытталған және қазіргі дәстүрлі үлгілерден «жасыл» өрлеу тұжырымдамасына өту жоспарларын ә з і р л е у д і к ө з д е й д і .

213. Қазақстанда ұлттық экономиканы әртараптандыру және жаңғырту катализаторы болатын, біздің елімізге жаңа жасыл технология мен инвестицияларды тартуға әкелетін «Болашақ энергиясы» тақырыбына арналған ЕХРО-2017 Дүниежүзілік көрмесін ө т к і з у ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

214. 2011 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылды. Аталған Заң экологиялық құқық бұзушылықтар үшін табиғатты қолданушылардың әкімшілік және қылмыстық жауаптылығын күшейту мақсатында қабылданған.

215. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 26 қарашадағы № 436 Жарлығымен ЕХРО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін дайындау мен өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Астанада ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы Заңы экологиялық және энергетикалық мәселелерді шешуге ықпал ететін болады.

216. 2013 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

217. Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және

қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияны (Орхусс конвенциясы) іске асыруды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеуге бастамашылық етті. Аталған заң жобасын қабылдаудың мақсаты Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің нормалары мен ережелерін парниктік газдар шығындыларын реттеу және экологиялық заңнаманы Орхусс конвенциясына сәйкестендіру бөлігінде толықтыру болып табылады.

Б і л і м а л у ғ а қ ұ қ ы қ
9 5 . 8 4 , 9 5 . 1 0 1 - ұ с ы н ы м д а р

218. ЮНЕСКО-ның деректері бойынша (2011 жылғы) білімді дамыту индексі бойынша Қазақстан әлемде (129 елдің ішінде) 4-орынды алады. Соңғы 15 жылда білім алуға бөлінетін шығыс 9,5 есе өсті. Білім берудің мектепке дейінгіден бастап жоғарыға дейінгі барлық деңгейлерін түбегейлі жаңғыртуға бағытталған 2020 жылға дейін білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда.

219. Қазіргі уақытта елде мектепке дейінгі 8764 ұйым, 7626 жалпы білім беру мектептері, 849 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызмет етуде. Республиканың білім беру жүйесінде 500 мыңға жуық педагогтар мен ғалымдар жұмыс істейді, 5 млн. жуық адам, оның ішінде босқындардың, көшіп-қонушылардың балалары , ерекше қажеттілікті талап ететін балалар оқиды.

220. Қазақстанда 12 жылдық орта білім беру моделі енгізілуде.

221. «Балапан» бағдарламасын іске асыру нәтижесінде 2010 жылдың өзінде ғана 35 балабақша салынды, 1534 шағын орталық, 137 жеке балабақша құрылды. Мектепке дейінгі ұйымдармен балаларды қамту 30-дан 55 пайызға дейін өсті.

222. Қазір жаңа «Назарбаев Университеті» базасының негізінде нарықтың сұраныстарына бағдарланған жоғары оқу орындарының инновациялық моделі қалыптастырылуда. Президенттің тапсырмасы бойынша елде ашылып жатқан 20 зияткерлік мектеп үздік жоғары оқу орындары үшін дарынды балаларды дайындауда негізгі база болады .

223. Халықаралық кездесулердің, конференциялар мен басқа да іс- шаралардың барысында еліміз білім беру саласындағы өз тәжірибесімен бөліседі. Қазақстан Республикасының Үкіметі бірқатар елдермен Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойды .

Адам құқықтары саласындағы білім алу
9 5 . 8 7 - 9 5 . 8 9 , 9 5 . 9 6 - ұ с ы н ы м д а р

224. Әрбір балаға қажетті саяси-құқықтық білім көлемін беру мақсатында 9-11 сыныптарда 34 сағаттық көлемде «Адам. Қоғам. Құқық» пәні, 5-9 сыныптарды «Өзін өзі тану» пәнінің бағдарламасы оқытылуда. Ал 7-9 сыныптарда «Өзін өзі тану» пәні

шегінде «Адам және қоғам» бөлімі оқытылуда.

225. Білім беру ұйымдарында оқушылар арасында құқық түсіндіру жұмысын жүргізетін үгіт бригадалары, омбудсмендер жұмыс істейді.

226. 2012 жылы алғаш рет Павлодар қаласының Омбудсмендер форумы өтті. Балаларды өз құқықтарымен таныстыратын, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерін білуі үшін коммуникативті ойындар өткізетін «Құқықтық шолғыншы» қоғамдық үгіт тобының қатысушыларының саны өсуде.

227. 2011 - 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық жоспары іске асырылуда, оның шеңберінде Интернет желісінде www.adilet.zan.kz мекенжайы бойынша орналастырылған «Әділет» нормативтік құқықтық актілерінің жүйеленген және толық дерек қорына жалпыға бірдей тегін қолжетімділік берілген.

228. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық мәдениеті деңгейін арттыру жөніндегі 2012 - 2014 жылдарға арналған кешенді жоспарды әзірлеп, оны жоспарға сай іске асырып отыр. 2012 жылдан бастап Азаматтардың құқықтық мәдениеті деңгейін жоғарылату жөніндегі кешенді жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыруға республикалық бюджеттен 239 млн. 325 мың теңге бөлінді.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарды қорғау
95.1, 95.3 - 95.5, 95.11, 95.12, 95.85-ұсынымдар

229. Инклюзивті білім беруді дамыту мәселесі әрдайым Қазақстан Республикасының Үкіметінің бақылауында болады. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған кешенді шаралар іске асырылуда. Бұл шаралар Қазақстан Республикасының 2011 - 2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің стратегиялық жоспарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік дамуының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасында көзделген. Соңғы үш жылда ҮЕҰ-ның қатысуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Ведомствоаралық комиссияның отырысында осы мәселе екі рет талқыланды. Бұдан басқа, бұл мәселе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жанында құрылған ҮЕҰ-ның консультативтік-кеңесші кеңесінің отырысында қаралды (2013 жылғы сәуір). ҮЕҰ-ның кеңесі қызметінің жеті бағытының бірі мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін дамыту және балалардың мүдделерін есепке ала отырып, мемлекеттік әлеуметтік саясат саласындағы заңнаманы жетілдіру табылады.

230. 2011 - 2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2020 жылға қарай инклюзивті білім беруге жағдай жасалған мектептердің үлесі жалпы білім беру мектептерінің жалпы санынан 70 % көрсеткішке

231. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының бірінші кезеңін (2012-2013 жылдар) іске асыру а я қ т а л д ы .

232. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту бойынша шешімдерді әзірлеу үкіметтік емес сектормен бірлесе жүргізеді.

233. Осы жұмыстағы тиімді тетіктердің бірі 2005 жылдан бері жұмыс істейтін үкіметтік деңгейдегі Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесі болып табылады, оның 30 мүшесінің ішінде 16-сы (немесе 53,3 %) мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері.

234. Қазақстан Республикасы Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және оның 2008 жылғы 11 желтоқсандағы Факультативтік хаттамасына, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге Факультативтік хаттамаға қол қойды. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында БҰҰ-ның мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын ратификациялауға байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

235. Қолжетімді ортаны қалыптастыруға бақылауды енгізу мақсатында 2013 жылы «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына қабылдау комиссиясының құрамына мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін енгізуге қатысты өзгерістер енгізілді.

236. ҮЕҰ-ны, мүгедектер ұйымдарын тарта отырып, Заң жобасын іске асыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектерді қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы және нормативтік құқықтық актілердің жобалары т а л қ ы л а н у д а .

237. Мүгедектердің еңбек әлеуетін пайдалану мүмкіндігін кеңейту мақсатында «Әлеуметтік жұмыс орындары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ә з і р л е н у д е .

238. Қазіргі уақытта Қазақстанда мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ-ның конвенциясын ратификациялауға жағдайлар жасау жұмысы жүргізілуде. Осы мақсатта Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған ұзақ мерзімді перспективада қолданылатын ұлттық жоспар қабылданды. Осы жоспар бойынша мүгедектер үшін ақпараттық қолжетімділік қағидаттарын міндетті түрде орындауды

қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, телевизия арналарын субтитрлеуді ұйымдастыру, көру қабілеті бұзылған мүгедектер арасында арнайы баспа басылымдарында (газет, журнал) мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру, көру қабілеті бойынша мүгедектердің қажеттіліктерін есепке ала отырып, «Интернет» ақпараттық-телекоммуникация желісінде мемлекеттік билік органдарының ресми интернет-ресурстарына бейімдеу, оның ішінде, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шегінде мүгедектерді компьютерлік сауаттылыққа үйрету жүргізіледі. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия қараған және мақұлданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасы әзірленді.

5. Болашаққа қойылған міндеттер

239. Қазақстан Республикасы адам құқықтары институтын әрі қарай дамыту туралы нақты бағыттары бар мемлекеттердің бірі болып табылады. Соңғы төрт жылда елімізде адам құқықтарының барлық салалары бойынша стратегиялық құжаттар қабылданды.

240. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» негізгі стратегиялық құжат болып табылады, онда гендерлік теңдікті, ана мен баланы, отбасы мен некені қорғауды, көші-қон, жыныстық құлдықтан қорғауды, азаматтардың соттық қорғауға құқығын іске асыруды, сот жүйесін жаңғыртуды және нығайтуды, сот билігінің беделін, қоғам тарапынан оған деген сенімді арттыруды қамтамасыз ету бойынша міндеттер айқындалған.

241. Қазақстан Республикасының әрбір орталық органы 5 жылға арналған мақсаттарын әзірледі, оның ішінде адам құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша салалық стратегияларды әзірледі.

242. Бірқатар мемлекеттік бағдарламалар, тұжырымдамалар, доктриналар, атап айтқанда, 2014 - 2020 жылдарға арналған құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.